

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторанты Темур Аманқұлдың «Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам (1920-1950 жылдар)» атты диссертациясының қолжазбасы туралы отандық ғылыми жетекшісінің

ПІКІРІ

Еліміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі арғы-бергі тарихымыздың көптеген «ақтаңдақ беттерін», оның ішінде Кеңестік кезең тарихының маңызды тақырыптарын, сол қатарда сол дәуірдегі ислам діні мәселесін жалтақтамай қайтадан қарастыруға мүмкіндіктер туғызды.

Сандаған ғасырлардан бері салт-дәстүрімізбен біте қайнасып, рухани құндылығымызға айналған асыл дініміз - исламның ұлттық болмысымызбен біте қайнасып кеткені соншалық, оның адами асыл қасиеттерді дәріптеуде, ұрпағымызды ізгілік пен адалдыққа үндеуде айтарлықтай ықпалы болғанын жоққа шығара алмаймыз. Исламды дәріптеу мен насихаттаудың тұрмысымызда, тарихымызда, әдебиетіміз бен мәдениетімізде, салт – дәстүрімізде кең көрініс тапқаны да сондықтан.

Ендігі жерде қоғам өмірінің айнасы болған ислам тарихын танудың, оның ұлт тұтастығын сақтаудағы рөлі мен өзіндік ерекшеліктерін талдап-таразылаудың, әсіресе, Кеңестік Қазақстандағы ислам діні мәселесін түбегейлі зерттеудің көкейкестілігі да бүгінгі егемендікке қол жеткізген тұста күн санап арта түсуде. Бұл кеңестік дәуір тарихнамасында ислам діні мәселесі мүлде зерттелмеді деген емес. Алайда, қызыл империяның атеистік саясатының, әкімшіл-әміршіл идеологиясының салдарынан тұрпайы, сыңаржақ ұстанымның орын алғанын да бүгіп қала алмаймыз. Тіпті, кейбір еңбектерде исламның идеялық мазмұны, белгілі дәуірде атқарған ролі тұтастай жоққа шығарылып, теріс саяси баға да берілді. Былайша айтқанда, халқымыз үшін маңызды бұл тақырыптың арнайы зерттеу нысанасына алынбағаны жасырын емес-ті. Міне, тақырыптың өзектілігі де - осында. Осы тұрғыдан алғанда Phd докторант Темур Аманқұлдың осы зәру, мәнді тақырыпты зерттеу өзегіне айналдырып отыр .

Шынтуайтына келгенде, «дінтанудың» дербес мемлекет атанған тұстан бері ғана кең құлаш жайып, жоғары оқу орындарында арнайы мамандық ретінде оқытыла бастағанын білеміз. Бұл бағытта докторлық диссертациялар да жазылып, қорғалуда . Дегенмен бұл тарапта зерттеу нысанынан тыс қалып отырған тақырыптар әлі де көп. Кеңестік Қазақстандағы ислам діні мәселесі - соның бірі. Тіпті Қазақстанға исламның тарауы, даму сатылары мен эволюциясы терең талданды десек, ол артық айтқандық емес. Қалай дегенде де Кеңестік Қазақстандағы ислам діні жайы осыған дейін дінтанушылық тұрғыдан жеке алынып қарастырылмай келеді. Демек алғашқы арнайы зерттеудің кейбір кемшіліктеріне кеңшілік жасай отырып, автордың тың пайымдаулары мен орнықты ойларына, ұнасымды ұсыныстарына лайықты баға берген де жөн сияқты.

Темур Аманқұл бұл диссертациясында тақырыпқа жаңа ұстаныммен келіп, жүйелі талдай білген, байыпты түрде саралап шыққан.

Ғылыми жұмыстың жаңалығы ретінде мыналарды айта аламыз: қарастырылған мәселенің дерекнамасы мен тарихнамасына байланысты 1920-1950 жылдардағы қоғамдық-әлеуметтік пікірлердің ұйытқысы болған дін қайраткерлері мен Алаш зиялыларының жарияланым көрген азды-көпті мақалаларына шолу жасалып, сол кезеңнің тарихи-саяси өмірі сыни көзқарас тұрғысынан ашылып берілген. Жұмыста Кеңестік үкіметінің күштеп ұжымдастыру, байларды тәркілеу, дінмен күрес сынды асыра сілтеушілігіне қарсы бас көтерулердің діни сипат алуы алғаш рет қозғалған. Диссертацияда Ислам дінінің тағдыры сынға түскен мезгілдегі имамдар мен діндарлардың ата баба сенімін сақтаудағы жанкештілігі дәйектелген.

Елде болып жатқан әр түрлі әлеуметтік, саяси және рухани өзгерістерді жеткізудегі исламның негізгі ақпараттық ролі шынайы көрсетілген.

Бастысы, зерттеу жұмысында қоғамдық құбылыстар мен үрдістерді зерттеудің бірнеше әдіс-тәсілдері қолданылған. Нақты айтар болсақ, Кеңестік Қазақстандағы ислам діні мәселесін зерттеуде нақты фактілер мен дәлелдерді бұрындары «жабық саналып» назардан тыс қалған құнды мұрағат және газет-журнал материалдары арқылы салыстыра көрсету көзделген. Сонымен бірге зерттеу барысында саралау, талдау және қорыту, тарихи-салыстырмалы, жүйелік-құрылымдық, теориялық таным, модельдеу мен типтендіру сияқты жалпы ғылыми, философиялық, әлеуметтанушылық, тарихи зерттеу тәсілдері қолданылғаны құптарлық.

Әрине, сәтті аяқталған жұмыстың әлі де болса жетілдіре түсуді қажет ететін тұстары жетерлік. Десе де жас ғалымның жаңаша ізденісін толық қолдап-қуаттай отырып, қорғауға жіберуге болады деп санаймын.

Шамшәдин Керім,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

